



стандығына нұқсан келмеуін қадағалау.
ақиқаттың соңына шырақ алып түсетіндер –

ызмет етіп жүрген тергеушілеріміздің бірі – Ақмола
арқайың ауданының полиция бөлімінің тергеушісі
ов Темірлан Ерланұлы туралы айтқымыз келеді. 1994
ылысы Жарқайың ауданы, Державин қаласында туып
ес, әріптестерінің де мақтанышы. Қиыншылығы мен
мандықты таңдауы оның өз қалауы.

ында Державин қаласындағы Н.Крупская атындағы
лдары Қарағанды қаласындағы Кеңес Одағының екі
дағы Республикалық әскери мектеп-интернатында
юла облысында Қаржы полиция Академиясының
аралығында Алматы қаласындағы ҚР ПІМ Алматы
болып, 2016 жылдың мамыр айында Жарқайың
теушісі қызметіне орналасты.

н арттыру бойынша Ішкі істер органдарында, тергеу
тындығы, сонымен қатар сарапшылармен, аудандық
із жұмыс жасайтындығы бәрімізге мәлім.

еушінің жұмысы тәуелсіз деп көрсетілгендей,
иров Темірлан Ерланұлы өз қызметіне еңбекқор,
ыбында іздену үстінде.

ағы зандағы өзгерістерді біліп қана қоймай, оның
ы.

лық-зомбылық көрсету сияқты ауыр қылмыстарды
ннан жол тауып, шындықтың шыңына жетуге
ағы құралы Қылмыстық істерді жүргізу кодексі. Осы
етін мінсіз атқаруға тырысады.

арманы.
әрі білімі шындалған ағаларының ақылын үнемі

ізденісті талап ететін болғандықтан, Темірлан
ын тиянақты зерделейді. Қылмыстық істердің ақ-
ғы нүктесін қояды. Бұл мамандықты таңдаған
ар-намыс, шыдамдылық екеніне күмән жоқ.

Темірлан Ерланұлы жас қызметкер болса да, ұран
армауы керек, ол сол үшін тергеуші. Заңнан ауытқып
реді», - деп өзін алға жетелеп отырады.

іне жүктелген міндеттерді мінсіз орындап жүрген
таңда жетістіктерге ұмтылуда.

аларымен марапатталған, үлгілі қызметкер ретінде

құрмет көрсетіп жүрген жас тергеуші Темірлан
ілейміз!

ргеушілерін алда келе жатқан төл мерекелерімен
п., қызметтеріңізде тек қана алда, ауданымыздың,
үре берулеріңізге тілектеспіз!

Ішкі және сыртқы коммуникация тобы

пен қайғының ортасында қалдым.

Сол жылы мейірім мен жылулықсыз өмір сүруді үйрену үшін, мен Державиннен Алматыға жол тарттым. Мені туған биологиялық анамның кім екенін асырап алған анашымнан басқа ешкім білмейді, өте құпия болғаны сонша, тіпті асырап алған әкем қазіргі уақытта бірге тұратын 1951 жылы туылған Кусаинов Амангельды Байғалиұлы да менің биологиялық әке-шешемнен ешқандай хабары жоқ. Сол қайғылы күннен кейін тағы бір меже, яғни «бөтен жанұяда жүргенімді» және «өзім туралы мүлдем білмейтінімді» естігенде өмірімнің астаң-кестеңі шықты. Асыранды бала екенімді біле сала, өз бетіммен іздеуге кірістім, жергілікті мұрағатқа бардым, алайда ол жерде бас тарту қағазы болған жоқ. Содан, Евразия бірінші арнасындағы «Жди меня» көрсетіліміне сұрау салу жолдадым. 2019 жылдың 16 маусымында түсірілімге шақыртылдым, биологиялық әке-шешем мені танып, мойындайды деген үлкен үмітпен телекөрсетілімге қатыстым. Алайда, ешқандай хабар түскен жоқ, менің туған әке-шешемнің осы жылдар бойы менімен кездесуден қашуға не себеп болғанын білгім келеді???

«Арман сәлем! Өкінішке орай ма, әлде жоқ па білмеймін, бірақ мен ешнәрсе білмеймін. Сенің анашыңның сөзінен, саған 12-13 жас болғанда сенің биологиялық әкең келіп, сені алып кетпекші болған. Әрине, анашың сені өте қатты жақсы көргеннен кейін жібермеген», - деген хабар алдым.

Мені туған әке-шешем, өтінемін, маған хабарласыңдар!!!

Архив хабарлайды...

Әрбір адам өмірінде көп жылдар бұрын болған тіпті ежелгі оқиғалар туралы мәліметтерді қалпына келтіруге қажеттілігі туындауы мүмкін. Бірақ, қажетті мәліметтер бар құжаттар қолда жоқ болса, не істеу керек?

Осындай жағдайларда ресми көзден мәліметтер алудың жалғыз тәсілі архивке жүгіну болып табылады, «Жарқайың ауданының мемлекеттік архиві» КММ қызметінің негізгі бағыттарының бірі – «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелері немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызмет көрсету болып табылады.

Жыл сайын үкімет мемлекеттік қызметті жақсарту бойынша жұмыс істеп, регламентке өзгерістер мен толықтырулар енгізілуде. «Архивтік анықтамалар беру» мемлекеттік қызмет стандартына мынадай өзгерістер енгізілді: «Архив ісі саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі №138 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2019 жылғы 13 мамырдағы №133 бұйрығы негізінде, атап айтқанда: өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

2) «электрондық үкіметтің» веб-порталы www.egov.kz

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері – көрсетілетін қызметті берушіге Мемлекеттік корпорациядан құжаттар келіп түскен сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі 11 (он бір) жұмыс күні ішінде беріледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін екі немесе одан да көп ұйымның құжаттарын зерделеу қажет болған жағдайда, 5 (бес) жылдан астам уақыт кезеңінде көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету мерзімін күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімге ұзартады.

Көрсетілетін қызметті алушыны кейіннен Мемлекеттік корпорация немесе портал арқылы хабардар ете отырып, Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі өткеннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде мерзімді ұзартады.

Бүгінгі күні «электрондық үкімет» порталы барынша қолжетімді болып табылады. Веб-портал арқылы жүгінген кезде www.egov.kz, электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) алу қажет, өйткені электрондық сұрау салу көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылады.

Өтінімді портал арқылы бере отырып, өтініш беруші белгіленген нысандағы өтінішті толтырады, қажетті құжаттарды қоса береді (бар болса), электрондық қолтаңбамен куәландырады. Өтініш тіркелген күннен бастап 11 жұмыс күні ішінде көрсетілген өтінімге жауап жіберіледі.

Егер өтініш берушіге архивтік анықтама беруге бас тартылса, оның жеке кабинетіне бас тарту себебін түсіндіре отырып хабарлама келіп түседі. «Электрондық үкімет» порталы көрсетілетін қызметті алушыға қажетті мәліметтер мен құжаттарды ғаламтор-желісінің кез келген қолжетімді нүктесінен алуға мүмкіндік береді. Бұл біздің еліміздің кез келген аймағынан өтініш беруге және архивтік мәліметтерді алуға мүмкіндік береді.

О. Кошкина

**Жарқайың
ауданының
апталық**

**Қоғамдық - саяси
газеті**

ЖАРҚАЙЫҢ АУДАНЫНЫҢ АПТАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІ

2013 ЖЫЛДЫҢ 31 МАМЫРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ. № 11 (359) 20 наурыз жұма, 2020 жыл

ЖАРҚАЙЫҢДЫҚТАР!

Баршанызды елдік пен бірліктің, еңбек пен ырыстың, татулық пен ізгіліктің жайдары, жарқын мерекесі Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Көктің тынысын тыңдап, жердің тамырын басқан, тұрмыс-тіршілігін Табиғат-анамен тығыз байланыстырған халқымыз Наурызды жанару мен жасампаздықтың бастауы деп бағалаған.

Мемлекетіміздің қалыптасуымен бірге жанғырған Наурыз мейрамы көпұлтты Қазақстан халқы үшін мерейлі мерекеге айналып, бірлік пен ынтымақтың, саяси тұрақтылықтың негізі болды.

Кез келген мемлекеттің басты құндылығы оның тәуелсіздігі, ұлттық бірлігі, қоғамдағы бейбітшілігі мен келісімінде. Ендеше, біз үшін Тәуелсіздіктен асқан мұрат, Мәңгілік Елден асқан мақсат жоқ! Келешегіне нық сенімі бар елге ғана бақ қоныш, қылдыр дариды.

Осынау ұлық мереке күні рухымыз жанғырып, салт-дәстүріміз, шоқтығы биік ұлттық ойындарымыз, берекелі дастарханымыз кен насихатталып, ескеден ұрпаққа тәрбие мен ғибрат нәрін шашуы керек.

Наурыз - мейірімділік, қайырымдылық мерекесі. Өйткені атамыз қазақ білек біріктіріп, бір-біріне дем беру арқылы басынан өткен қиыншылықтарды жеңіп отырған. Күллі тіршілік атаулыға нәр беретін шуақты шақ – көктемде келетін осы айтулы мейрамның талай ұлт пен ұлысқа ыстық ұя болған еліміз үшін алатын орны ерекше.

Ырыс-берекенің бастауы болған бұл мерекеңі жарқайыңдықтар да лайықты табыстармен қарсы алып, алдағы жылға зор үміт пен сенімдерін артып отыр.

Ардақты ағайын!

Жақсылықтың жаршысы, жана жылдың бастауы – Наурыз баршаныңздың шанырағыныңызға ырғыздық пен несібә әкелсін! Дендеріңізге

Құрметті

ЖАРҚАЙЫҢДЫҚТАР!

ҚЫМБАТТЫ ЖЕРЛЕСТЕР!

Сіздерді көгілдір көктемнің ұлық мерекесі – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Наурыз – жанару мен жасарудың, шынайы махаббаттың, ақ пейіл мен татулықтың мерекесі.

Наурыз – дана халқымызда қай кезде де еңсесі биік елдіктің, ірлесі сөгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі болып саналған. Ол өткенді саралап, болашағымызды болжайтын ерекше кезең. Көктемнің қанатымен ере келетін көгілдір нұрға малынған мамыражай шуақпен бірге үлбіреген үміт үстемеленіп, Наурыз мерекесі адамдардың бойында үміт пен ізгілікті нығайтып, елдің ертенгі нұрлы болашағына, игі өзгерістерге құлшындырады.

Көктеммен бірге келетін Наурыз рухани жанаруға жетелеп, бейбіт пен келісімді әрі қарай нығайтуға септігін тиісін.

Құрметті жарқайыңдықтар, Сіздерді ұлық мереке – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Оғанмызға – береке, халқымызға – игілік, мемлекетімізге – молшылық, ал, Сіздерге және отбасыларыңызға, жақын туыстарыңызға мықты денсаулық, баянды бақыт, береке мен бірлік тілеймін! Нұры мол, шуағы ересен Наурыз мейрамы әрбір шаныраққа тарқамас қызық-қуаныш әкелсін.

Жарқайың аудандық мәслихаттың хатшысы, Ұ. Ахметова.

КОРОНАВИРУСТЫҚ

ИНФЕКЦИЯНЫҢ АЛДЫН АЛУ